

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 сәуірдегі N 332 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері арнайы әскерлерінің ұйымдық құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жаркент гарнизонының әскери полиция бөлімшесі" мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мынадай мемлекеттік мекемелері :

1) "Приозерск гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі" "Приозерск гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

2) "Балқаш гарнизонының (3-разрядты) әскери полиция бөлімі" "Балқаш гарнизонының әскери полиция бөлімшесі";

3) "Ақтөбе гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі" "Ақтөбе гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі" болып қайта ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мынадай мемлекеттік мекемелері :

1) "Георгиевка гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

2) "Павлодар гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

3) "Петропавл гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі" таратылсын.

4. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 84 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 5, 42-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін :

1 - т а р м а қ т а :

3), 14) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Ақтөбе гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

14) "Балқаш гарнизонының әскери полиция бөлімшесі";

21) "Приозерск гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

17), 19) және 20) тармақшалар алынып тасталсын.

5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітсін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ